**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 22 сәуірдегі № 166 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 29 сәуірде № 18600 болып тіркелді.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі* | *С. Омаров* |

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, қорғаныс және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2019 жылғы 22 сәуірдегі
№ 166 бұйрығымен
бекітілген

## Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі бұйрықтарының тізбесі (бұдан әрі - Тізбе)

1. "Уылдырық шашу кезеңінде балық аулауға тыйым салынған, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) учаскелерінде су көлігі қозғалысының ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2013 жылғы 16 қазандағы № 313-ө бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8918 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2014 жылғы 15 ақпандағы № 32 (28256) санында жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Уылдырық шашу кезеңінде балық аулауға тыйым салынған, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) учаскелерінде су көлігі қозғалысының ережесінде:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Балық аулауға тыйым салынған уылдырық шашу кезеңінде су көлігі қозғалысының тәртібі";

10, 11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Балық аулауға тыйым салынған уылдырық шашу кезеңінде, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) учаскелерінде кеме қатынасы режимін келісу туралы өтініш (бұдан әрі - өтініш) "электрондық үкімет" веб-порталы ( бұдан әрі - портал) арқылы электрондық түрде осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі, онда мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) кеменің атауы мен техникалық параметрлері (ұзындығы, ені, шөгуі);

2) жеке тұлғаның, кеме жүргізушінің (капитанның) аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және кеме иесі заңды тұлғасының атауы;

3) кеменің типі, маркасы, тіркеу нөмірі, қозғалтқышының қуаты және есу бұрамасының айналу жылдамдығы;

4) кеме қатынасының мақсаты;

5) қозғалыстың мерзімі мен бағдары;

6) тұрақ орны;

7) кеме билетінің немесе кеме куәлігінің нөмірі және күні.

11. Өтінішті тіркеуді уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі порталда келіп түскен уақыттан бастап бір жұмыс күні ішінде жүргізеді (егер, өтініш сағат 18.00-ден кейін немесе сенбі күні қабылданса, онда өтінім беруші үшін мерзімді есептеу келесі жұмыс күні басталады).

Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі өтінішті ол келіп түскен уақыттан бастап екі жұмыс күні ішінде қарайды және балық аулауға тыйым салынған уылдырық шашу кезеңінде, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) учаскелерінде кеме қатынасының режиміне келісім береді не өтініш берушіге портал арқылы бас тарту себептерін көрсете отырып, электрондық түрде уәжді бас тарту жолдайды.

12. Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі келісуден мынадай негіздер бойынша бас тартады:

1) өтініш беруші келісім алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) өтініш берушінің және (немесе) ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Ережеде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) өтініш берушіге қатысты келісім алуды қажет ететін қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы;

4) өтініш берушіге қатысты заңды күшіне енген сот шешімінің болуы, оның негізінде өтініш беруші келісім алумен байланысты арнайы құқығынан айырылуы.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Қорытынды ережелер";

көрсетілген Қағидаларға 1 және 2-қосымшалар осы Тізбеге 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 18-04/675 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10168 болып тіркелген, 2015 жылғы 6 ақпанда " Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар (бұдан әрі - рұқсаттар) жануарлар дүниесін арнайы пайдаланудың мынадай түрлеріне:

1) аң аулауға;

2) балық аулауға (кәсіпшілік, әуесқойлық (спорттық), ғылыми-зерттемелік аулау, мелиорациялық аулау, өсімін молайту мақсатында аулау);

3) жануарларды ғылыми, мәдени-ағарту, тәрбиелік, эстетикалық мақсаттарда, сондай-ақ эпизоотияны болдырмау мақсатында пайдалануға;

4) жануарлар түрлерін өсімін молайту мақсатында пайдалануға беріледі.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Рұқсаттар осы Қағидаларға 1, 2, 3, 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша беріледі.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Рұқсаттар беру шарттары мен тәртібі";

6, 7, 8, 9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Екі және одан көп облыстың аумағында орналасқан балық шаруашылығы су айдындарында ғылыми-зерттемелік аулауды қоспағанда, рұқсаттарды жануарларды алудың белгіленген лимиттері мен квоталары шегінде жергілікті атқарушы органдар береді.

Екі және одан көп облыстың аумағында орналасқан балық шаруашылығы су айдындарында ғылыми-зерттемелік аулау мақсатындағы рұқсатты ведомство береді.

7. Ғылыми-зерттемелік аулау мақсатындағы рұқсатты алу үшін "Ғылыми және ( немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 маусымдағы № 645 қаулысында айқындалған тәртіппен ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері ретінде субъектіні аккредиттеу туралы куәлік болуы қажет.

8. Өтінім жануарлар дүниесін пайдалану түріне байланысты "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы электрондық түрде осы Қағидаларға 5 және 6-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша беріледі.

9. Өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін ақы төлеу туралы төлем құжатының электрондық көшірмесі;

2) өтінім беруші қол қойған, аң аулауды қоспағанда, жануарлар дүниесі объектілерін алып қоюға қатысатын тұлғалар тізімінің электрондық көшірмесі.

10. Жануарлар дүниесін пайдалану түріне байланысты осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген құжаттардан басқа, өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) аң аулауға (алғашқы жүгіну кезінде):

жануарлар дүниесі объектілерін алу шетелдіктердің қатысуымен жүргізілетін болса - аңшылық шаруашылығы субъектісінің шетелдіктермен аң аулауды ұйымдастыруға арналған шартының электрондық көшірмесі;

2) ғылыми-зерттемелік аулауға:

қадағалаушы ғылыми ұйымның ғылыми кеңесі бекіткен ғылыми жұмыстар жүргізу негіздемесінің және ғылыми-зерттеу жұмыстары бағдарламасының электрондық көшірмелері;

жануарлар дүниесі объектілерін алудың болжанып отырған көлемін негіздейтін есептемелердің электрондық көшірмелері;

бұдан бұрын берілген рұқсаттарды (рұқсаттар берілген жағдайда) пайдалану нәтижелері туралы есептің электрондық көшірмесі;

3) өсімін молайту мақсатында аулауға:

балық ресурстарының өсімін молайтуға арналған мемлекеттік тапсырысты орындау мақсаттары үшін аулау жағдайларын қоспағанда, қадағалаушы ғылыми ұйымның ғылыми кеңесі бекіткен биологиялық негіздеменің электрондық көшірмесі;

4) жануарларды ғылыми, мәдени-ағарту, тәрбиелік, эстетикалық мақсаттарда, сондай-ақ эпизоотияны болдырмау мақсатында пайдалануға:

эпизоотиялық мониторингтен басқа, қадағалаушы ғылыми ұйымның ғылыми кеңесі бекіткен ғылыми-тақырыптық жоспардан және ғылыми-зерттеу жұмыстары бағдарламасынан алынған үзіндінің электрондық көшірмесі;

Қазақстан Республикасында жануарлардың ауруларын эпизоотиялық мониторингтеу үшін ветеринария саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік ветеринариялық ұйымының жыл сайынғы жұмыс жоспарының электрондық көшірмесі;

жануарлар дүниесі объектілерін алуды негіздейтін материалдардың (мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы бар биологиялық негіздеменің) электрондық көшірмелері;

5) жануарлар түрлерін өсімін молайту мақсатында пайдалануға:

жануарлар дүниесі объектілерін алуды негіздейтін материалдардың (мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы бар биологиялық негіздеменің) электрондық көшірмелері.";

11-тармақ алып тасталсын;

13, 14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Өтінімді порталда тіркеуді ведомство немесе жергілікті атқарушы орган ол келіп түскен уақыттан бастап бір жұмыс күні ішінде жүргізеді (егер, өтінім сағат 18.00-ден кейін немесе сенбі күні қабылданса, онда өтінім беруші үшін мерзімді есептеу келесі жұмыс күні басталады).

14. Ведомство немесе жергілікті атқарушы органдар өтінімді және оған қоса берілетін құжаттарды өтінім келіп түскен уақыттан бастап үш жұмыс күні ішінде қарап , рұқсаттар береді немесе портал арқылы электрондық түрде уәжді бас тарту жолдайды.

Ведомство немесе жергілікті атқарушы органдар өтінім берушінің құжаттарын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын

тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, ведомство немесе жергілікті атқарушы органдар көрсетілген мерзімде өтінімді одан әрі қараудан уәжді бас тарту жібереді.

15. Рұқсаттарды беруді есепке алу осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес журналда жүргізіледі.

Егер, балық аулауға арналған шарттың талаптары бойынша балық аулау бірнеше балық шаруашылығы су айдынында және (немесе) учаскесінде, сондай-ақ бірнеше кемемен, бригадамен немесе звеномен жүзеге асырылатын болса, өтінім беруші "жеке кабинеті" арқылы әрбір учаскеге, кемеге, бригадаға немесе звеноға рұқсат басып шығарады.";

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымшаның тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсат (кәсіпшілік аулау, әуесқойлық ( спорттық) аулау, ғылыми-зерттемелік аулау, мелиорациялық аулау, өсімін молайту мақсатында аулау)";

көрсетілген Қағидаларға 3, 5 және 6-қосымшалар осы Тізбеге 3, 4 және 5-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Ішкі және сыртқы нарықтардағы сауда үшін бекіре тұқымдас балық түрлерінің уылдырығын таңбалау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 қаңтардағы № 18-04/14 бұйрығында ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10397 болып тіркелген, 2015 жылы 11 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ішкі және сыртқы нарықтарда сату үшін бекіре тұқымдас балықтардың уылдырығын таңбалау қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидаларда мынадай айқындамалар пайдаланылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша

жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға ;

2) алынатын көздің коды - уылдырық алынатын көзге сәйкес келетін әріп: W - жабайы балықтан алынған, C - қолда өсірілген балықтан алынған;

3) әкімшілік орган - жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган;

4) өтініш беруші - ішкі нарықтағы бекіре тұқымдас балық түрлері уылдырығының саудасына арналған маркаларды алуға өтініш берген жеке немесе заңды тұлға;

5) партияның сәйкестендіру нөмірі - өңдеуші зауыттарда және буып-түю кәсіпорындарында пайдаланылатын нөмір;

6) СИТЕС (CITES) - Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция;

7) сыйымдылық - тікелей уылдырық орналасатын ыдыс;

8) уылдырық - бекіре тұқымдас балық түрлерінің өңделген ұрықтанбаған жұмыртқалары (уылдырықтары).";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Ішкі және сыртқы нарықтардағы сауда үшін бекіре тұқымдас балық түрлерінің уылдырығын таңбалау тәртібі";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Сыртқы нарыққа арналған марканы дайындауды осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Заңның 9-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес әкімшілік орган беретін Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге арналған рұқсатта (бұдан әрі - рұқсат) көрсетілген уылдырық көлемін таңбалау үшін қажетті мөлшерде уылдырық саудасын жүзеге асыратын тұлғалар қамтамасыз етеді.

Әкімшілік орган сыртқы нарыққа арналған маркаларға рұқсат алу үшін уылдырық әкетуге рұқсат алуға арналған өтініште көрсетілген сыйымдылық саны жөніндегі мәліметтерге сәйкес есепке алу сериясы мен нөмір береді. Сыртқы нарыққа арналған маркалардың сериясы мен нөмірі, сондай-ақ сыртқы нарыққа арналған маркалар нысанына сілтеме рұқсатта көрсетіледі.

Бекіре тұқымдас балық түрлерінің уылдырығын әкетуге рұқсат алған тұлғалар " Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнында (бұдан әрі - Банкнот фабрикасы) Банкнот фабрикасының мекенжайына жіберілетін Әкімшілік органның мәліметтеріне сәйкес сыртқы нарыққа арналған маркалар дайындайды.

Жеке немесе заңды тұлғалар жыл сайын есепті жылдан кейінгі 1 ақпанға дейін әкімшілік органға пайдаланылған және пайдаланылмаған сыртқы нарыққа арналған

маркалардың санын пайдаланбау себептерін көрсете отырып, жазбаша түрде сыртқы нарыққа арналған маркалардың пайдаланылуы туралы мәліметтер ұсынады.";

12, 13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Ішкі нарықтағы бекіре тұқымдас балық түрлері уылдырығының саудасына арналған маркаларды сатып алу үшін өтінім беруші осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорацияға не "электрондық үкімет" веб-порталына (бұдан әрі - портал) мынадай мәліметтермен және оған қоса берілетін құжаттармен бірге өтініш береді:

1) егер өтініш берілген уылдырық:

табиғи болса - табиғи су айдындардан ауланған балықтардан (жабайы) алынса, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініште мәлімделген уылдырық дайындалған бекіре тұқымдас балық түрлерін аулаудың заңдылығын растайтын Заңның 26-бабының 1-3-тармағына сәйкес уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі беретін қайдан ауланғаны туралы анықтаманың (бұдан әрі - анықтама) нөмірі мен күнін не анықтама қоса берілген сатып алу-сату шартын көрсету қажет;

жасанды болса - осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініште Заңның 9-бабы 1-тармағының 42) тармақшасына сәйкес Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның I және II қосымшаларына түрлері енгізілген жануарларды қолдан өсіруді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды әкімшілік органда тіркеу қағидаларында көзделген, Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның I және II қосымшаларына түрлері енгізілген жануарларды қолда өсіруді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды әкімшілік органда тіркеу туралы куәліктің нөмірі мен күнін, сондай-ақ осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уылдырық алу туралы ақпаратты көрсету қажет;

импортталған болса - осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініште Заңның 9-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес әкімшілік орган беретін Қазақстан Республикасына уылдырық әкелуге әкімшілік орган рұқсатының нөмірі мен күнін көрсету қажет;

тәркіленген болса - бекіре тұқымдас балық түрлерін табиғи мекендеу ортасынан алу , оларды сатып алу, олардың уылдырығын және басқа да өнім түрлерін өңдеу мен экспорттау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік монополия субъектісінен сатып алғанын растайтын құжатты, сондай-ақ тәркілеу туралы сот актісінің көшірмесін ұсыну қажет;

2) марка үшін ақы төлеу туралы төлем тапсырмасының көшірмесі.

13. Әкімшілік орган өтінішті және оған қоса берілетін құжаттарды порталда келіп түскен күні тіркейді (егер өтініш сағат 18.00-ден кейін немесе сенбі күні қабылданса,

онда өтінім беруші үшін мерзімді есептеу келесі жұмыс күні басталады) және оларды берілген күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде қарайды, содан соң маркалар береді не мынадай негіздер бойынша бас тартады:

1) өтініш беруші маркалар алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) өтініш берушінің және (немесе) маркалар беру үшін қажетті ұсынылған материалдарын, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) өтініш берушіге қатысты маркалар алуды қажет ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің ( үкімінің) болуы;

4) өтініш берушіге қатысты заңды күшіне енген сот шешімінің болуы, оның негізінде өтініш берушінің маркалар алумен байланысты арнайы құқығынан айрылған болуы.

14. Мемлекеттік корпорация арқылы өтініш беру кезінде ішкі нарыққа арналған маркалар өтініш беруші өтініш берген жердегі Мемлекеттік корпорацияға Әкімшілік орган жеткізеді.

Әкімшілік орган осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ішкі нарықтағы бекіре тұқымдас балық түрлері уылдырығының саудасына арналған маркаларды есепке алу журналында берілген ішкі нарыққа арналған маркаларды есепке алуды жүргізеді.

Өтінім берушіге берілген ішкі нарыққа арналған маркалар әкімшілік органға қайтаруды қоспағанда, қайта сатылмауы, берілмеуі және иеліктен шығарылмауы тиіс.

Өтінім беруші портал арқылы жүгінген жағдайда, оның "жеке кабинетіне" әкімшілік орган басшысының не басшысы орынбасарының электрондық цифрлы қолтаңбасы қойылған электронды құжат нысанында мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі туралы хабарлама жіберіледі.

Әкімшілік органға беруді қоспағанда, қайта сатылмауы, иеліктен шығарылмауы тиіс сыртқы нарыққа арналған маркаларды есепке алу осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сыртқы нарықтағы бекіре тұқымдас балық түрлері уылдырығының саудасына арналған маркаларды есепке алу журналында жүргізіледі.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Ішкі нарыққа арналған маркаларды берген кезде әкімшілік органның лауазымды тұлғасы екі данада жүкқұжат жазып береді.

Жүкқұжатта мынадай деректер көрсетіледі:

1) жеке және заңды тұлғаның атауы;

2) ішкі нарыққа арналған маркаларды алуға арналған өтініштің нөмірі мен күні;

3) ішкі нарыққа арналған маркалардың түрі, нөмірі және саны;

4) бір сыйымдылықтың көлемі және уылдырықтың жалпы көлемі;

5) ішкі нарыққа арналған маркалардың почта байланысы немесе курьер арқылы берілген күні;

6) почта байланысының деректері, курьердің қолы.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Қорытынды ережелер";

көрсетілген Қағидаларға 3, 4, 5 және 6-қосымшалар осы Тізбеге 6, 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. "Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге әкімшілік органның рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/143 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11935 болып тіркелген, 2015 жылғы 23 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге әкімшілік органның рұқсаттар беру қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге әкімшілік органның рұқсаттар беру тәртібі";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Үлгілерді әкелуге, әкетуге ғылыми қорытынды алу үшін өтініш беруші ғылыми ұйымға қағаз нысанында мыналарды жібереді:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үлгілерді әкелуге, әкетуге ғылыми қорытынды алуға арналған өтініш;

2) Қазақстан Республикасының аумағына үлгілерді әкелу кезінде, егер, үлгі Конвенцияның 1, 2, 3-қосымшаларына енгізілген болса, экспорттауға арналған рұқсаттың немесе кері экспорттауға арналған сертификаттың көшірмесі;

3) Қазақстан Республикасының аумағында мекендейтін жануарларды, олардың бөліктері мен дериваттарын табиғи ортасынан алу жағдайында, аң аулауға арналған рұқсаттың көшірмесі;

4) аушы жыртқыш құстарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және ( немесе) аумағынан әкету кезінде сақиналары (микрочиптері) бар фотосуреттер, сондай-ақ аушы жыртқыш құс паспортының көшірмесі;

5) үлгілерді Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және (немесе) аумағынан әкету кезінде аталған іс-қимылды жасау ниетін растайтын экспорттаушы мен импорттаушы арасындағы келісімшарттың немесе шарттың көшірмесі, сондай-ақ әкелінетін және (немесе) әкетілетін өнімнің саны мен көлемі, жынысы, өнім түрі мен оның сипаттамасы (тірі, консервіленген, ұрықтандырылған, криоконсервіленген) туралы мәліметтер көрсетілген құжат;

6) Қазақстан Республикасында қолдан өсірілген үлгілерді Қазақстан Республикасының аумағынан әкету кезінде Конвенцияның I және II қосымшаларына түрлері енгізілген жануарларды қолдан өсіру қызметінің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның көшірмесі және (немесе) Конвенцияның I және II қосымшаларына түрлері енгізілген жануарларды қолдан өсіруді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың әкімшілік органда тіркелуі туралы куәлік, аралық бонитирлеу актілері, сондай-ақ сатып алған жағдайда, үлгілерді сатып алу туралы құжаттардың ( жүкқұжат, шарт, актілер) көшірмелері.";

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Үлгілерді әкелуге, әкетуге рұқсат алу үшін өтінім беруші "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы әкімшілік органға электрондық нысанда мыналарды жібереді:

1) өтінім берушінің ЭЦҚ-сымен куәландырылған осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үлгілерді әкелуге, әкетуге рұқсат алуға арналған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) әкелуді және (немесе) әкетуді жеке мақсаттары үшін жүзеге асыратын тұлғаларды қоспағанда, осы әкелуді және (немесе) әкетуді жүзеге асыру ниетін растайтын экспорттаушы мен импорттаушы арасындағы келісімшарттың немесе шарттың электрондық көшірмесі;

3) үлгілерді Қазақстан Республикасының аумағына әкелу кезінде, егер, үлгі Конвенцияның 1, 2, 3-қосымшаларына енгізілген болса, экспорттауға арналған рұқсаттың немесе кері экспорттауға арналған сертификаттың электрондық көшірмесі;

4) ғылыми ұйым қорытындысының электрондық көшірмесі;

5) ЭҮТШ арқылы төлем жасауды қоспағанда, 2017 жылғы 25 желтоқсандағы " Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 615-бабының 2) тармақшасына сәйкес сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар мен бекіре тұқымдас балық түрлерін, сондай-ақ олардың бөліктері мен дериваттарын әкелуге және әкетуге рұқсат берілгені үшін бюджетке мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

6) жануарлар түрлері, олардың бөліктері мен дериваттары Қазақстан Республикасының аумағындағы табиғи мекендеу ортасынан алынған жағдайда, аң аулауға арналған рұқсаттың электрондық көшірмесі.

7. Әкімшілік орган үлгілерді әкелуге, әкетуге рұқсат алуға келіп түскен өтінішті және оған қоса берілетін құжаттарды порталда бір жұмыс күні ішінде тіркейді (егер, өтініш сағат 18.00-ден кейін немесе сенбі күні қабылданса, онда өтінім беруші үшін мерзімді есептеу келесі жұмыс күні басталады) және құжаттарды келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қарап, шешім дайындайды. Әкімшілік орган құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, көрсетілген мерзімдерде өтінішті одан әрі қараудан уәжді бас тартады.

Әкімшілік орган өтінішті одан әрі қараудан мынадай негіздер бойынша бас тартады :

1) өтініш беруші рұқсат алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдарың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеуі;

3) өтініш берушіге қатысты рұқсат алуды қажет ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы;

4) өтініш берушіге қатысты заңды күшіне енген сот шешімінің болуы, оның негізінде өтініш берушінің рұқсат алумен байланысты арнайы құқығынан айырылған болуы.";

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы Тізбеге 10-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5. "Жануарлар дүниесі объектілерін алып қою квоталарын бөлу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-04/149 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10865 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жануарлар дүниесі объектілерін алып қою квоталарын бөлу қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Аңшылық шаруашылығы субъектілерінің арасында аңшылық объектілері болып табылатын жануарлар түрлерін алып қою квоталарын бөлу тәртібі";

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Аңшылық шаруашылығы субъектісі алдағы жылдың 1 қазанына дейін аңшылық объектілері болып табылатын жануарлар түрлері бойынша есепке алу деректерінің негізінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аңшылық шаруашылығы үшін аңшылық объектілері болып табылатын жануарлар түрлері бойынша алу квотасын алуға аңшылық объектілері болып табылатын жануарлар түрлері бойынша өтінім береді.

6. Аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастығы (бұдан әрі - аңшылар қауымдастығы) ағымдағы жылдың 15 ақпанынан келесі жылдың 15 ақпанына дейінгі кезеңге арналған жануарлар дүниесі объектілерін алуға арналған лимиттердің негізінде Заңның 9-бабы 1-тармағының 55) тармақшасына сәйкес аңшылық объектілері болып табылатын жануарлар түрлерін алу квоталарын бөлуді жүзеге асырады.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Балық шаруашылығы субъектілерінің арасында балық аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлерін алу квоталарын бөлу тәртібі";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын алу квоталарын алу үшін балық шаруашылығы субъектілері ағымдағы жылдың 1 ақпанына дейін Мемлекеттік корпорацияға мынадай құжаттарды жібереді:

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде балық ресурстарын және басқа да су жануарларын алу квоталарын алуға арналған өтінім ( бұдан әрі - балық ресурстарын алуға арналған өтінім);

өтінім берілген күнге дейінгі бір айдан кешіктірілмей алынған, аумақтық көліктік бақылау органының балық шаруашылығы субъектісінің атына тіркелген аулаушы және көліктік флот, оның ішінде шағын көлемді флот туралы анықтамасы.

Балық аулаушылар қауымдастығы жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне (бұдан әрі - аумақтық бөлімше) балық ресурстарын алуға арналған өтінімнің 2 және 4-тармақтары бойынша мәліметтер беру туралы жазбаша сұраным жібереді.

Аумақтық бөлімше сұратылған ақпаратты сұраным келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде береді.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын алу квоталарын бөлу қорытындылары осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша балық аулау лимиттері бекітілгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде шығарылады және тиісті жергілікті атқарушы органдарға жіберіледі.";

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы Тізбеге 11-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

6. "Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/153 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11623 болып тіркелген, 2015 жылғы 25 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге рұқсат беру қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге рұқсат беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 9-бабының 60) тармақшасына және "Рұқсаттар мен хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды, будандастыруды жүргізуге рұқсат (бұдан әрі - рұқсат) беру тәртібін айқындайды.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Рұқсат беру тәртібі";

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге рұқсат беруге арналған өтінім (бұдан әрі - өтінім) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электрондық түрде жіберіледі.

4. Өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізу кезінде жануарларды сатып алудың заңдылығын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (сатып алу-сату шарты, сыйға тарту шарты, жүкқұжат немесе тауар чегі немесе банктің белгісі бар төлем тапсырмасы);

2) мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы бар жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге арналған биологиялық негіздеменің электрондық көшірмесі.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Аумақтық бөлімше өтінімді және оған қоса берілетін құжаттарды бір жұмыс күні ішінде қарайды (егер, өтінім сағат 18.00-ден кейін немесе сенбі күні қабылданса,

